



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

Астана қ. Әкімдігінің «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау
колледжі» МКҚК –ның

1218000 «Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтары»

Біліктілігі: 1218033 -Жабдықтарды пайдалану және жөндеу жөніндегі техник

1508000 «Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» (түрлері
бойынша)

Біліктілігі: 1508063 -Техник-технолог

мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларының арнайы аккредиттеу
талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясының жұмыс
нәтижелері туралы

Астана 2018

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
Сыртқы сараптау комиссиясы

АРТА аккредитациялық кеңесіне



Независимое агентство
аккредитации и рейтинга

**Астана қ. Әкімдігінің «Экономика, технология және тағам өндірісін
стандарттау колледжі» МКҚК –ның**

1218000 « Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтары»

Біліктілігі: 1218033 -Жабдықтарды пайдалану және жөндеу жөніндегі техник

**1508000 « Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» (түрлері
бойынша)**

Біліктілігі: 1508063 -Техник-технолог

**мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларының арнайы аккредиттеу
талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясының жұмыс
нәтижелері туралы**

ЕСЕБІ

«21 - «23» мамыр 2018 ж.

Астана қ., 23 мамыр 2018 жыл

МАЗМҰНЫ

I	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРДЫҢ ТІЗІМІ	3
(I)	КІРІСПЕ	4
(II)	БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ	4
(III)	АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМІН СИПАТТАУ	8
(IV)	ССК САПАРЫН СИПАТТАУ	
(V)	МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕСТІГІ	11
6.1	Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару»	11
6.2	Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі»	13
6.3	Стандарт «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі»	16
6.4	Стандарт «Білім алушылар»	19
6.5	Стандарт «Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын ресурстар» ²³	
6.6	Стандарт «Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар»	26
(VI)	ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ЖАҚСЫ ТӘЖІРИБЕНІҢ/ КҮШТІ ЖАҚТАРЫНА ШОЛУ ЖАСАУ	27
(VII)	САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАРҒА ШОЛУ ЖАСАУ	29
(VIII)	АККРЕДИТТЕУ КЕҢЕСІНЕ ҰСЫНЫС	30
1 қосымша.	Бағалау кестесі « МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІН ПАРАМЕТРЛЕРІ»	31



I. БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

2 НК	Мерзімдік есептілік формасының индексі
БҚ	Базалық құзіреттер
ТЖ	Тәрбие жұмысы
МАК	Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы
МЖМБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты
ЖҚЖК	Жұмыспен қамтудың жол картасы
БҰАП	Білім беру ұйымының жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып анықтайтын пәні
АКТ	Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар
ИПР	Инженерлік-педагогикалық қызметкер
АТ	Ақпараттық технологиялар
К	Консультациялар
МКҚК	Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын
КТЖ	Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
ЖБ	Жергілікті бюджет
ӘК	Әдістемелік кеңес
МТБ	Материалдық-техникалық база
ҰБДБ	Ұлттық білімдік деректер базасы
АҚҚ	Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған
ББ	Білім беру бағдарламасы
ЕҚ	Еңбек қорғау
КҚ	Кәсіптік құзіреттер
ӨҚ	Өндірістік оқыту
КТ	Кәсіптік тәжірибе
ӨТ	Өндірістік тәжірибе
ПК	Педагогикалық кеңес
ҚР	Қазақстан Республикасы
ЖБ	Жұмыс бағдарламасы

(I) КІРІСПЕ

2018 жылдың 10 мамырындағы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз Агенттігінің №52-18 ОД бұйрығына сәйкес 2018 жылдың 21-23 мамыр аралығында Астана қаласының «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі» МКҚК-ға ТЖКБ қызмет түрі бойынша

Мамандығы: 1218000 «Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтары»

Біліктілігі: 1218033 -Жабдықтарды пайдалану және жөндеу жөніндегі техник»

Мамандығы: 1508000 « Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы»(түрлері бойынша)

Біліктілігі: 1508063 -Техник-технолог мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) баруы жүргізілді.

ССК есебінде білім беру ұйымының ұсынылған білім беру бағдарламаларының АРТА өлшемдеріне сәйкестік бағасы, білім беру бағдарламаларын әрі қарай жетілдіру ССК ұсынымдары және «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі» МКҚК білім беру бағдарламаларының бейіндік параметрлері берілген.

ССК құрамы:

1. **Комиссия төрағасы** – Сандыбаева Динара Айдаровна, Петропавловск қ. «Солтүстік Қазақстан кәсіптік-педагогикалық колледжі» МКҚК экономикалық-педагогикалық бөлімінің меңгерушісі;

2. **Шетелдік сарапшы** – Овчаренко Ольга Григорьевна, Ресей федерациясының Омск қ. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технология және басқару университетінің филиалы, университеттік химия-механикалық колледжі директоры;

3. **Сарапшы** – Орманов Сарсебай Ермекбаевич, Алматы қ. «Алматы технологиялық университеті» АҚ колледжі директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары;

4. **Сарапшы** – Каримова Алмагуль Каримовна, «Ақтау технологиялық сервис колледжі» КМҚК директорының оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары;

5. **Сарапшы** – Темирбекова Айжан Болатовна, Алматы қ. сервистік қызмет көрсету колледжі» КМҚК директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;

6. **Сарапшы** – Умарова Шолпан Кабиденовна, Павлодар қ. «Машина құрылысы колледжі» КМҚК басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары;

7. **Агенттік тарапынан бақылаушы** – Бекенова Динара Каирбековна, ТЖКБ білім беру ұйымдарын аккредиттеу бойынша АРТА жоба басшысы (Астана қ.);

8. **Жұмыс беруші** – Шакитаева Асель Еrsaиновна, отель-кафе «QONAQ директоры (Астана қ.);

9. **Студент** – Озатбек Бота, Астана қ. «Политехникалық колледжі» МКҚК 0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру» мамандығы бойынша 3 курс студенті.

(II). Білім беру ұйымының жалпы көрінісі

Астана қаласы Білім басқармасының «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі»- жартығасырлық тарихын 1968 жылы ашылған Целиноград ұн тарту-элеваторлық техникумынан бастаған техникалық және кәсіптік білім беру мекемесі. Атаулары өзгертіліп отырған:

- 1969 жылы –механикалық-технологиялық техникум;
- 1996 году - ет технологиясы, сүт технологиясы, қоғамдық тамақтандыру технологиясы - жаңа мамандықтары ашылған тағам өндірісі колледжі.

1997 жылғы 3 маусымда жоғары және орта арнайы білім беру жүйесін одан әрі дамыту және реформалар жүргізу, жоғары білікті мамандар дайындау мақсатында колледж Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің 1997 жылғы 3 маусымдағы № 200 бұйрығына сәйкес 4 колледжді: Ақмола ауыл шаруашылық, Новошимка зооветеринарлық, Атбасар ауыл шаруашылық, Тағам өндірісін стандарттау колледжін біріктіру жолымен аграрлық-техникалық колледж болып өзгертілді (1 қосымша).

Осыдан кейін Астана қаласы Білім Департаментінің 2001 жылғы 24 тамыздағы № 195 бұйрығы негізінде Аграрлық – техникалық колледж Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі (бұдан әрі –Колледж) болып – өзгертілді. Колледж Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын ретінде тіркелді.

Колледж оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, білімдік қызмет көрсету бойынша жоғары сапаны қамтамасыз етеді.

2013жылдан бастап колледжді Ахметов Қайырғали Әкімбекұлы басқарады. Оның бастамасымен колледжде еңбек нарқында талап етілген жаңа мамандықтар ашылды.

Колледж мемлекеттік аттестаттауды 2013 жылы (Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 22 сәуірдегі № 90 «Мемлекеттік аттестаттау қорытындылары туралы» бұйрығына сәйкес білім саласындағы бақылау Департаментінің бұйрығы)

Колледж ТЖКБ саласындағы өзінің білім беру қызметі құқығын Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес білім берудің ұлттық жүйесі аясында 2016 жылғы 30 наурыздағы серия АА00006735 № KZ 251 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады (алғашқы берілген мерзімі -2009 жыл 15 сәуір, серия АБ №0129813).

2017-2018 оқу жылында күндізгі оқыту нысаны бойынша білім алушылардың жалпы контингенті 553 студентті құрады, оның ішінде жергілікті бюджет есебінен оқитындар 547, келісім негізінде -6 студент.

2017 - 2018 оқу жылында сырттай оқыту нысаны бойынша білім алушылардың жалпы контингенті 155 студентті құрады. Сырттай оқыту бөліміне тек келісім негізінде қабылданады. Оқыту тілі-орыс тілі.

Мемлекеттік тілде барлығы -375 студент оқытылады, жалпы санының 53%.Колледжде аккредиттелетін мамандықтар бойынша 27 оқу тобы құрылған, орташа толықтырылым -25 студент.

Колледж келесі ТЖКБ мамандықтары бойынша кадрлар даярлауды жүргізеді

№ р/с	Шифр және мамандық атауы	Оқыту нысаны
1	0507000 «Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру»	күндізгі

	0507063 « Қызмет көрсетуші менеджер»	
2	0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» 0508063 « Қызмет көрсетуші менеджер»	күндізгі
3	1218000 « Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтары» 1218033 -Жабдықтарды пайдалану және жөндеу жөніндегі техник»	күндізгі
4	1226000 « Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру» 1226033 –Технолог	Күндізгі сырттай оқыту
5	1508000 « Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» (түрлері бойынша) 1508063 -Техник-технолог	күндізгі сырттай оқыту

Мамандарды дайындау мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі. 2018-2018 оқу жылында штаттық кестеге сәйкес оқытушылар құрамы 62 оқытушыны құрайды, оның ішінде штаттық қызметкерлер саны – 60(97%), сонымен қатар жоғары білімді- қызметкерлер -62(100%), олардан педагогикалық қызметкерлер –36(58%), технологиялық қызметкерлер –26(42%), олардың ішінде жоғары санатты – 20 оқытушы (32,5%), бірінші санатты – 14 оқытушы(22,5%), екінші санатты – 14 оқытушы(22,5%), санаты жоқ – 14 оқытушы(22,5%)

1508000 «Орман шаруашылығы , бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» мамандығының 3 курстың 18 студенті Жол картасы бойынша дуалды оқытумен қамтылған, Астана қ. білім басқармасының экспериментке қатысу жөніндегі 2014 жылдың 1 қыркүйегіндегі №563 бұйрығы. Эксперименттің басталуы -01.09.2014, аяқталуы- 01.03.2018. 2015 жылдың 5 наурызында аталған мамандық бойынша дуалдық оқыту жүйесі арқылы мамандар дайындауға арналған «Астана-Зеленстрой» АҚ , Білім басқармасы, Кәсіпкерлер Палатасы және колледж арасында 1508000 «Орман шаруашылығы, бақ-саябақты және ландшафтты құрылыс» келісімге қол қойылды.

2016 жылдың 14 қарашасында Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжінің 1508000 «Орман шаруашылығы, бақ-саябақты және ландшафтты құрылыс»мамандығы бойынша 3 курстың 19 студентімен «Астана-Зеленстрой» АҚ арасында келісім жасалды. Әр студентпен жеке келісім жасалды.

Білім алушылармен келісімшарт өндірістермен колледж арасында дуалды оқыту жөнінде жасалған және реестр бойынша өзіндік нөмір алу үшін. Астана қаласының (К2с3пкерлер Палатасы)тіркелген.

Колледждің негізгі әлеуметтік әріптестері болып: Отель«The St.Regis Astana», ЖК «Астана бас –аспаздарының ассоциациясы», «Козерог» мейрамханасы, ЖШС «Роял Comfort Hotel Astana», «ЗЕЙД» мейрамханалық кешені, ЖШС «ASSorti Astana»; ЖШС « Инсар Астана», ЖШС «Роял Комфорт Астана», ЖШС «Спутник Сервис-2007» KING HOTEL ASTANA , ЖШС «Каравелла Тур»; « Байкал» қонақ үйі, ЖШС « Отель G-Empire»

ЖШС «Акку»; ЖК « Kazakh house». ЖШС «Жасыл аймақ», «Зеленстрой Астана» АҚ, ЖШС «НС Зеленстрой», РМКК «Қорғалжын қорығы» Отель«The St.Regis Astana», ЖШС «Роял Comfort Hotel Astana», ЖШС «ASSorti Astana»; ЖШС « Инсар Астана»,

Білім сапасын қамтамасыз ету жүйесінің қызмет тиімділігі және білім беру қызметін жетілдіру келесі фактілермен дәлелденеді.

Дарынды студенттердің шығармашылық қабілеттерін анықтау мақсатында колледжде қажетті жағдайлар жасалған. «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжінің» студенттерді оқыту және тәрбиелеу үшін қолданатын 2 ғимараты мен кітапханасы кіретін материалдық –техникалық базасы бар.

Колледж қызметінің оң жағы ретінде нақты жұмыс берушілермен жүргізілетін қарым-қатынасын, олардың білім беру қызметі сапасы туралы пікірлерін анықтап отыруы, студенттердің тәжірибе өтетін базалары болуы, кітапхана қорына электронды кітапхана арқылы қол жетімді болуы, барлық пәндер бойынша ОӘК болуы саналады.

Оқу мекемесінің оң тенденциясы- колледждің халықаралық ынтымақтастық бойынша көп жұмыстар атқаруы және халықаралық ынтымақтастықты басты бағыттарының бірі ретінде тануы болып табылады.

Колледждің стратегиялық жоспарын жүзеге асыру мақсатында 2017 жылдың 6 қарашасында , сонымен қатар Кластер 2 «Халықаралық ынтымақтастық» аясында колледж бен Анталия қаласындағы Туризм Академиясы (Түрік Республикасы) арасында 2017-2021 жылдарға білімдік қызмет саласы бойынша студенттермен және оқытушылармен алмасу, білім беру сапасын арттыру және оқу мекемелері арасында жан-жақты байланыстарды нығайтуға арналған өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалды (2 қосымша).

2017 жылдың 12 желтоқсанында қалалық «Әлеуметтік әріптестермен сұхбат» форумы аясында 2017-2021 жылдарға « Инсар Астана» ЖШС директоры, «Слоу Фуд Астана»КЕҰ Конвивиум көшбасшысы , «ОТБАСЫМ» ұлттық құндылық орталығының басшының орынбасары Х.Ж. Ахметовамен колледж арасында «Slow»Food» жастар қозғалысына қатысу туралы меморандумға қол қойылды (3 қосымша).

2018 жылдың 12 сәуірінде өзара ынтымақтастық туралы «Екатеринбург сауда-экономикалық техникумы» мемлекеттік автономиялық кәсіптік білімдік мекемесімен (Ресей Федерациясы) меморандум жасалды (4 қосымша).

ССК жұмысы үшін барлық жағдай жасалды, қажетті ақпараттық ресурстарға қолжетімділік ұйымдастырылды.

Жоспарланған бағдарлама аясында сараптау қорытындылары бойынша колледж қызметін жақсартуға арналған ССК әзірлеген бастапқы негізгі ұсынымдар колледж басшылығымен кездесу кезінде берілді. Колледж басшылығымен соңғы кездесуде кейінгі рәсімдеулер туралы түсіндірілді.

Бару аясында жоспарланған іс-шаралар АРТА ССК мүшелеріне колледждің өзін-өзі бағалауы бойынша берілген есебінде келтірілген деректердің мамандандырылған аккредиттеу стандарттары өлшемдеріне сәйкестіктің тәуелсіз бағасын жүргізуге мүмкіндік берді.

Білім беру бағдарламалары лицензиялық және біліктілік талаптарына сай. Заңнамамен қарастырылған және колледждің өзін-өзі бағалау есебінде сипатталған нормалар ССК барысында расталды.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны және білімдік технологиялар нормативке сәйкес, бұқараның және жұмыс берушілердің сұраныстарына бейімделген және өзгермелі жағдайларға сәйкес уақтылы жаңартылып отырады.

(III) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТТЕУ РӘСІМДЕРІН СИПАТТАУ

Астана қаласы Білім басқармасының «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ТЖКБ ұйымы

ретінде алғаш рет мамандандырылған аккредиттеу рәсімінен өтуде.

(IV) ССК САПАРЫН СИПАТТАУ

ССК жұмысы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз Агенттігінің 2018 жылдың 21-23 мамыр аралығында Астана қаласының «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі» МКҚК-ға білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша АРТА директоры бекіткен сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) бару бағдарламасына сәйкес колледж директорымен келісіліп ұйымдастырылды.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында комиссия мүшеоері арасындағы өкілеттілік бөлінген және бару кестесі нақтыланған, сараптау әдістерін таңдау мәселелері келісілген нұсқаулы жиналыс өтті.

Мақсатты топтармен кездесу бару кестесіне сәйкес және белгеленген уақыт мөлшерін сақтау арқылы өтті. Білім беру бағдарламаларының және колледждің барлық инфрақұрылымының сапасы туралы объективті ақпарат алу, өзін-өзі бағалау есебінің мазмұнының нақтылау үшін кездесу-сұқбаттасулар өткізілді: директормен, директордың оқу ісі, оқу-өндірістік, оқу-тәрбие, ғылыми жұмыс, ақпараттық технологиялар, әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасарларымен, кадр бөлімі меңгерушісімен, бөлімшелер меңгерушілерімен, бас бухгалтермен, оқытушылар кітапхана меңгерушісімен, медициналық қызметкермен, студенттермен, түлектермен, жұмыс берушілермен және білім алушылардың ата-аналарымен. Барлығы 218 адам қатысты.

АРТА ССК –н кездесуге қатысқан қызметкерлер мен білім алушылар туралы деректер

Қатысушылар санаты	Саны
Директор	1
Директордың орынбасарлары	5
Бөлімше меңгерушілері	5
Циклдік әдістемелік комиссия төрайымдары	4
Бас бухгалтер	1
Директордың ӘШЖ бойынша орынбасары	1
Кадр бөлімі меңгерушісі	1
Оқытушылар	36
Қызметкерлер	4
Студенттер	55
Түлектер	40
Әлеуметтік әріптестер	19
Студенттер ата-аналары	46
Барлығы	218

ССК жұмысы барысында колледждің инфрақұрылымы визуалды түрде қаралды: жалпы білім беретін және арнайы кабинеттер, зертханалар, оқу-жаттығу кешені аймағы, жылыжай, компьютерлік сыныптар, кітапхана, оқырмандар залы, медициналық пункт, тамақтану пункті.

Сонымен қатар аккредиттелетін білім бағдарламаларды жүзеге асыратын циклдік комиссия, бөлімдер құжаттары зерттелді. «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжінің» аккредиттелетін бағдарламалардың келесі тәжірибелік базалары зерттелді: «Астана-Зеленстрой» АҚ, ЖШС «Астана-Орманы», Компания Деловая Русь «Тrapeza», ЖШС «СКРП Торговый Дизайн».

«Астана-Зеленстрой» АҚ, ЖШС «Астана-Орманы», Компания Деловая Русь

«Тrapeza», ЖШС «СКРП Торговый Дизайн» аккредиттелетін білім беру бағдарламаларының тәжірибелік базалары.

Бару кезінде әлеуметтік әріптестер қызметі, өндірістік тәжірибе сапасын туралы таныстырып өтті.

«Астана-Зеленстрой» АҚ, ЖШС «Астана-Орманы» бару кезінде сарапшылар кәсіпорынның материалдық-техникалық базасымен танысты, дендрарий, жылыжай, білім алушылар гардеробымен, студенттердің кәсіптік тәжірибе өтетін Астана қаласының жасыл белдеуі орман жолағын аралады. ССК мүшелері әлеуметтік әріптестермен: «Астана-Зеленстрой» АҚ жасыл құрылыс инженері Токхождаев Рустем Искендеровичпен, ЖШС «Астана-Орманы бас агрономы Хасенов Ардак Айдаровичпен кездесті. Олар ССК мүшелерімен техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық өткізді, сонымен қатар тәжірибеден өтушілерге арналған талаптармен таныстырды, тәжірибе үдерісі туралы және Астана қаласы Білім басқармасының «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі» МКҚК-мен қарым-қатынас туралы баяндады.

«Астана-Зеленстрой» АҚ студенттерге оқу және өндірістік тәжірибе орнын ұсынумен қатар оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларын түзетуге қатысатынын да айта кету керек. Аталған мамандық бойынша 18 колледж студентінің дуалды оқыту формасы бойынша оқу тәжірибесінен өткені жөнінде дәлелдемелер алынды.

«Астана-Зеленстрой» АҚ, ЖШС «Астана-Орманы» базаларындағы оқу тәжірибесіне қатысу барысында 1508000 « Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» (түрлері бойынша) О-21 тобының білім алушылары болды. Білім алушылар 2 топқа бөлінген.

Бірінші топ «Астана-Зеленстрой» АҚ бөлімшесінде (Жасыл белдеу орман жолағы), оқу мекемесі атынан топ жетекшісі Жунусова Айша Сериковна , арнайы пәндер оқытушысы. Студенттер:

Канат Орынгуль, Сабитов Нургали, Ханибеков Нурдаулет, Сагатов Ерсұлтан, Сапаргали Азамат, Мағзум Бекжан, Капаров Омирсагат, Сабыров Максат, Нурсұлтанов Ануар, Карипжанов Мирас, Напет Алдияр.

Жұмыс орнында бөлімше шебері Ахметов Саят болды.

Екінші топ «Астана-Зеленстрой» АҚ бөлімшесінде (дендрарий, жылыжай), оқу мекемесі атынан топ жетекшісі Ермаханова Тоты Турсунатовна, арнайы пәндер оқытушысы. Студенттер:

Кажетов Ислам, Даёт Нурсұлтан, Жаксылық Балташ, Исаев Муса, Ақылбай Гульден, Каиржанов Сунгат.

Екі топтың студенттері жұмыс орындарында болды. Арнайы киімдері бар. Техника қауіпсіздігі журналы да бар.

Сонымен қатар ССК мүшелері колледждің Орман шаруашылығы зертханасында (жылыжай) «Өсімдіктерді қорғау және сақтау» пәнінен оқу тәжірибесі сабағына қатысты. Сабақ 2 курс студенттерінің 1 тобымен өткізілді. 1508000 « Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» (түрлері бойынша) О-22 (орыс тілінде оқытылатын топ) тобының 8 білім алушысы болды. Сабақты Музафарова Елена Андреевна жүргізді. Студенттер: , Глинский Максим, Лазовой Андрей, Кейсеубаева Гульдана, Аманбаев Алишер, Тиштыкбаева Шарихат, Сатыбаев Ерганат, Бикенов Рустем, Микша Юльян.

Студенттер бір жылдық өсімдіктердің атап айтқанда петуньяның аурулары мен зиянкестерін анықтады және тексерілген көшетті топыраққа отырғызды.

Сонымен, тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығы арқасында білім алушылар сабаққа белсенді түрде қатысты.

Деловая Русь «Тrapeza» компаниясы , ЖШС «СКРП Торговый Дизайн» өткен өндірістік тәжірибеге қатысу кезінде 1218000 « Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтары» мамандығы бойынша ОП -32 (орыс тілінде оқытылатын топ) тобының студенттері болды.

Қатысу кезінде Деловая Русь «Тrapeza» компаниясы директоры

Ким Кристина Валерьевна ССК мүшелерін материалдық-техникалық базамен және студенттер Ткачук Елена, Нуркеев Адиль, Лось Олегпен таныстырды.

Екінші топ ЖШС «СКРП Торговый Дизайн» кәсіпорнында болды. Оқу мекемесі атынан тәжірибе жетекшісі Махметова Айнагуль, арнайы пәндер оқытушысы және студенттер Васютин Игорь, Жансеитова Жансая, Сидоренко А. болды.

Бұл жерде кәсіпорын атынан тәжірибе жетекшісі жобалаушы –менеджер Боровик Валентина Сергеевнаның колледж түлегі екенін айта кету керек. , выпускница данного колледжа. Аталған топ студенттері жұмыс орындарында болды. Арнайы киімдері бар. Техника қауіпсіздігі журналы да бар.

Аталған кәсіпорындардың басшылығы қорытынды біліктілік емтихандарында мемлекеттік аттестаттау комиссиясы құрамына кіреді.

Аккредиттелетін мамандықтар бойынша ауыл шаруашылығының әр түрлі салаларында жұмыс жасайтын колледж түлектері таныстырылды.

1508000 « Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» (түрлері бойынша) мамандығы бойынша - Ниязов Жолбарыс- АШМ Орман шаруашылығы Комитетінің маманы, Касенов Кенесары -«Жасыл Аймақ» РМҚК бөлімше басшысы, Омарғалиев Нурбол - Астана-Зеленстрой» АҚ техникалық бөлім басшысы, Каханов Д. - Астана-Зеленстрой» АҚ шебері, Якубовский Б.-«Қорғалжын қорығы» РМҚК жануарлар дүниесін қорғау бойынша инспектор, Қабыкен С. - «Қоғалжын қорығы» РМҚК инспекторы, Амирбеков Б. – «Ақкөл орман шаруашылығы» РМҚК инспекторы; Насипов М, Насипов А. –гүл өсіру бойынша мамандандырылған «Насипов» ЖК кәсіпкерлері, Жунусова А. - Астана қ. «Казфлор» компаниясының ландшафттық дизайнері.

1218000 « Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтары» мамандығы бойынша колледж биыл алғашқы түлектерін шығарды. Мамандарға сұраныс бар. Сол себептен төменде көрсетілген кәсіпорындарға колледж түлектері бірден орналасқан:

ЖК «Язджи», «Неплюев», ЖК «Кулаков П.И.», ЖШС «Акпан-17», ЖШС «Енбек Алтын Жер», ЖК «Темиртаев Ж.Д.».

ССК мүшелері аккредиттелетін мамандықтар бойынша оқу сабақтарына қатысты: Мысалы: жоғары санатты оқытушы Төлеубаева Гульмира Қадырбековна жүргізген физика пәнінен, Т-12 тобында (1226000 « Тамақтандыру кәсіпорындарының өнім өндіру технологиясы және оны ұйымдастыру»мамандығы бойынша)

сабақ тақырыбы: «Строение атома водорода. Постулаты Бора. Излучение и поглощение энергии атомов. Явление люминесценции. Понятие о вантовых генераторах». 26 студенттің 21 сабаққа қатысты. Кабинет мультимедиялық техникамен (проектор, экран, колонкалар) жабдықталған.

1508000 « Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» (түрлері бойынша) мамандығы бойынша «Өсімдіктану өсімдіктер физиологиясының негізімен» пәнінен санаты жоқ жас оқытушы Жунусова Айша Сериковна жүргізген «Өсімдіктің көбею түрлері» сабағына ССК мүшелері қатысты. 25 студенттің бәрі сабақта отырды.

Екі оқытушының бағдарламасы толығымен жеке жоспарына сәйкес. Сабаққа қатысу оқытушылардың сапалы құрамы және теориялық оқыту деңгейінің жеткілікті деңгейде екенін көрсетті. Студенттер сабақта белсенділік таныта білді. Әр түрлі технологиялар қолданылады. Оқытушылардың біліктілігін ұдайы жетілдіріп отыратыны байқалады. Колледждің оқытушылар құрамы қызметін талдау кезінде ұжымның колледжді дамытуға ұмтылысы жоғары деңгейде екені анықталды.

(V) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

6.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару

Дәлелдемелер бөлімі

ССК сапары барысында жинақталған деректер студенттердің (94,1%) курстар, білім беру бағдарламалары және академиялық деңгейлер туралы ақпараттармен

толығымен қанағаттанатыны анықталды. Сонымен қатар оқытушылардың көпшілігі колледж миссиясы мен стратегиясының оқу бағдарламалары мен бағалау рәсімдерінде (орташа 100%). Оқытушылардың (100%) барлығы жеке стратегияларын оқыту үдерісінде пайдалана алатынын айтты. Оның үстіне студенттердің (95,8%) оқу бағдарламалары мен оқыту әдістеріне қанағаттанатыны айқындалды.

1218000 «Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтары»

Біліктілігі: 1218033 -Жабдықтарды пайдалану және жөндеу жөніндегі техник

1508000 «Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» (түрлері бойынша)

Біліктілігі: 1508063 -Техник-технолог мамандықтарының даму жоспарының мақсаты колледждің миссиясына, стратегиялық жоспарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес.

Колледждің , стратегиялық жоспары, мақсаттары мен міндеттері Колледждің 2015-2020 жж. арналған Стратегиялық даму жоспарында (Педагогикалық кеңесте бекітілген, 28.08.2015 ж., №1 хаттама) анық көрсетілген. ББ даму жоспарларының жүзеге асырылуы бойынша жұмыс нәтижелері семестр қорытындылары бойынша педагогикалық кеңесте талқыланады (2018 жылдың 23 ақпанындағы № 4 педагогикалық кеңес хаттамасы).

Ол негізгі құжат ретінде қызмет етеді, оған сәйкес жүзеге асырылатын тактикалық (3 жыл), жедел (жылдық) және ағымдағы (айлық) колледж қызметін жоспарлау құжаттары бар.

Колледждің миссиясын, стратегиялық жоспарын, мақсаттары мен міндеттерін бағалау жыл қорытындылары және стратегиялық жоспарды жүзеге асыру қорытындылары бойынша педагогикалық кеңесте жүргізіледі.

ББ дамыту жоспарының мақсаты: қызмет көрсету, ауыл шарушылығы саласында, бәсекеге қабілетті және еңбек нарқында талап етілген жаңа формациядағы мамандарды даярлау, басымды бағыттарды дамыту.

ББ дамыту жоспарының әзірлеу кезінде еңбек нарқы сұраныстары ескерілді. Консультативтік кеңесте өлкенің даму перспективаларына орай қажет мамандар туралы ақпарат талданған.

Колледж басшылығы әлеуметтік әріптестермен еңбек нарқы сұраныстарын талдап отырады.

Әрбір ББ бойынша жаңа түскендерді жоспарлау кезінде талдау нәтижелері ескеріледі.

ББ жүзеге асыру үшін әлеуметтік әріптестер тартылады. 2017-2018 оқу жылында факультативтік және консультативтік жұмыстар, сабақтар үшін қоса атқарушы оқытушы ретінде кадрлар дайындау бойынша инженер шақырылған.

ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға мүдделі тараптардың өкілдері шақырылған: білім алушылар кәсіподақ атынан, жұмыс берушілер Консультативтік кеңесте еңбек нарқы сұраныстарын талқылау арқылы, педагогикалық ұжым ЦӘК және әдістемелік Кеңестерде негізгі даму бағыттарын талқылау арқылы.

Жоспарды бекіту кезінде барлық мүдделі тұлғалар дауыс беру құқығына ие болды. Сонымен мүдделі тұлғалардың мүдделерінің сәйкестігіне кепілдік беріледі.

Колледж басшылығы мүдделі тұлғаларға білім беру бағдарламалары және қабылданған шешімдер туралы ақпаратты жиналыстарда жеткізіп тұрады.

Колледж сайтында миссиямен танысуға болады. Білім алушыларға қатысты әр түрлі бағыттағы мәселелерді талқылауға колледж әкімшілігі әр уақытта дайын, ақпарат қол жетімді.

Бұл үшін ақпараттық стендтерде қабылдау уақыты, әкімшілік телефоны және сенім телефоны орналастырылған.

ССК директормен, оның орынбасарларымен, бөлімше меңгерушілерімен, ЦӘК төрайымдарымен, құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерімен, педагогикалық ұжыммен, студенттермен, түлектермен, әлеуметтік әріптестермен кездесулер , әңгімелесу және сұхбаттасу барысында колледждің оқу инфрақұрылымымен,

материалдық-техникалық ақпараттық-әдістемелік ресурстарымен толық танысты.

АРТА ССК сапары барысында өткізілген сауалнама (оқытушылармен) оқытушылардың басқару және стратегиялық шешімдерге қатысуы 98,1 %. құрады. Оқытушылардың 1,9% оқытушылық пен өндірістік қызметті қоса атқару мүмкіндігіне қанағаттанбайтынын көрсетті.

АРТА ССК сапары барысында өткізілген сауалнама (білім алушылар) 2% тең м.мкіндіктердің қамтамасыз етілуімен қанағаттанбайтынын көрсетті.

Әкімшілікпен жүргізілген сұхбат кезінде қызметкерлер үдерістерді анықтау және даму механизмдерін анықтау бойынша ақпаратқа ие және жақсарту, тиімділігін арттыру, есептілік және білім беру бағдарламаларының мазмұнын жүзеге асыру ақпараттарын білетінін көрсете алды. ИПҚ жұмыс нәтижелері ескерілген.

Колледждің ресми сайтта кері байланыстың қол жетімді арнайы формалары бар. Кез келген мүдделі тұлға хабарлама, тілек, ұсынысын жаза алады.

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты бойынша жұмысты талдай келе білім беру бағдарламасының жүзеге асырылу табыстылығы бірінші кезекте жоспарланған, бір мақсатқа негізделген тиімді даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар колледждегі бизнес үдерістер жақсы деңгейде жүзеге асуда. Олар барлық мүдделі тұлғаларға қол жетімді және анық болуы керек екені белгіленді.

Қорытындылай келе, аталған міндетті колледж сайты белсендіру арқылы орындауға болатынын атап өту керек.

Педагогикалық ұжымның, персоналдың және білім алушылардың қажеттіліктерінің қанағаттандыру деңгейін өлшеу үдерісіндегі кері байланысты жақсарту үшін кемшіліктер болған жағдайда жою механизмін әзірлеу керек.

ССК аталған стандарт бойынша оқу мекемесінде келесі ұстанымдарға ерекше назар аударылатынын көрсетеді:

- ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын әзірлейтінін, оның мемлекет пен мүдделі тұлғалардың және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғанын көрсетеді;

- ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын бар ресурстарға, еңбек нарқы мен ҚР білімдік саясаты қажеттіліктеріне барабар болуын қамтамасыз етеді;

- ТжКБ ұйымы мүдделі тұлғалар, оның ішінде білім алушылар, педагогикалық ұжым және жұмыс берушілер арасынан ББ даму жоспарын қалыптастыруға өкілдер тартады;

- ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарының қалыптасуының ашықтығын көрсетеді, мүдделі тұлғалардың ББ даму жоспары және қалыптасу үдерістері бойынша ақпараттандырылуын қамтамасыз етеді;

- ББ даму жоспары ұсыныстар және түзетулер негізінде ТжКБ ұйымының өкілетті алқалы органының жобаға өзгерістер енгізуі арқылы барлық мүдделі тараптар өкілдерінің талқылауынан өтеді;

- ББ-ны басқару үдерістер арқылы қызметті басқарудан тұрады;

- ББ-ны басқару қызмет динамикасын анықтауға және жоспарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін есептілік үдерістерін құруды енгізетін мониторингтен тұрады;

- ББ-ны басқару нәтижелілік пен бөлімшелер қызметінің және олардың қарым-қатынасы тиімділігін бағалаудан тұрады;

- ТжКБ ұйымы білім алушылар, жұмыс берушілер және мүдделі тұлғаларға бағытталған ақпараттандырылу жүйесі мен кері байланыстың болуын және тиімді қызмет жасауын қамтамасыз етеді;

- Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын бұдан әрі дамыту және жетілдіру мақсатында АРТА ССК ұсынады;

- Сапа менеджментінің ішкі жүйесін енгізу бойынша жұмысты күшейтуді;

- Колледждің ресми сайты арқылы үздік педагогтардың кәсіптік, тұлғалық дамуы және жетістіктері туралы жұртшылықты хабарландырып отыру механизмінің қолжетімділігін қамтамасыз ету жұмысын жалғастыру;

- Өндірісте жұмыс жасайтын мамандар мен тәжірибе маамндарын оқу үдерісіне тарту.
- ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған бейінінің күшті жақтары-1, қанағаттанарлық -18, жақсартуға ұсынылғаны -2 екенін атап көрсетеді.

6.2. Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі»

Дәлелдемелер бөлімі

ССК сарапшылары тобымен жүргізілген талдау барысында оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары ҚР БҒМ-ның 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384-ші, 2016 жылғы 22 қаңтардағы №72 –ші бұйрықтарымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде құрастырылғаны анықталды.

ББ-да мамандар дайындау сапасына жетуге бағытталған мақсаттар анық белгіленген және колледж миссиясымен сәйкес. Бағдарлама мазмұны, оның құрылымы және ресурстық қамтамасыз етілуі МЖМБС талаптарына сәйкес. Бағдарламаны жүзеге асыру әдістері колледждің стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне сай.

Аккредиттелетін ББ оқу-әдістемелік кешенге біріккен және пән бойынша оқу үдерісін жоспарлауды, ұйымдастыруды және жүргізуді анықтайтын мемлекеттік және колледжішілік құжаттардан тұрады.

Колледждің жұмыс тобымен түлектердің қызметін талдау негізінде әр мамандық бойынша түлектерге қойылатын маңызды талаптар анықталған.

Қүзиреттілік тәсілі негізінде түлектің тұлғалық-кәсіптік моделі құрылған, атап айтқанда: 1218000 «Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтары» Біліктілігі: 1218033 - Жабдықтарды пайдалану және жөндеу жөніндегі техник, 1508000 « Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» (түрлері бойынша)

Біліктілігі: 1508063 -Техник-технолог мамандықтары бойынша арнайы модель жасалған.

ССК мүдделі тұлғалармен сұхбаттасу барысында әзірленген модельдердің ЦӘК мәжілістерінде, студенттік кеңестерде, әдістемелік кеңестерде талқыланғаны расталды.

Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде жұмыс берушілермен келісіліп, барлық мамандықтар шеңберінде кәсіптік тәжірибе мерзімдері белгіленеді.

ББ бойынша оқу жұмыс жоспарлары эксперимент аясында экспериментальдық бағдарламалар бойынша Кеңес төрағасымен келісіледі.

2015 жылы дуалды оқыту аясында жұмыс берушілердің қатысуымен 1508000 « Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» мамандығы бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибе үлесі 60% пайызға артылған оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары әзірленді.

2015 жылдың 5 наурызында аталған мамандық бойынша дуалдық оқыту жүйесі арқылы мамандар дайындауға арналған «Астана-Зеленстрой» АҚ , Білім басқармасы, Кәсіпкерлер Палатасы және колледж арасында 1508000 «Орман шаруашылығы, бақ-саябақты және ландшафтты құрылысы» үшжақты келісімге қол қойылды.

ББ бойынша оқу уақытының 40% өндірістік оқыту, кәсіптік тәжірибе және жалпы кәсіптік және арнайы пәндердің зертханалық –тәжірибелік практикумға беріледі. Дуалды оқыту ББ бойынша бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибе үлесі 60% пайызғды құрайды.

1508000 « Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» (түрлері бойынша) мамандығы бойынша ББ дуалды оқыту формасы бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибе үлесі оқу уақытының 60% пайызғын құрайды.

Аккредиттелетін ББ жүзеге асыру кезінде дәрістер оқуға, тәжірибелік сабақтарды жүргізуге, тәжірибелер мен дипломдық жобаларды қорғауға дайындау бағыты бойынша өндірістің орта буын мамандары және жетекші мамандар тартылады.

Практик оқытушыларды іріктеу біліктілік талаптар, лауазымдық нұсқаулықтар және бекітілген кесте негізінде жүзеге асырылады.

Тиісті сала бойынша жұмыс тәжірибесі бар штаттағы педагогтар арасында А.М. Абишканованы, А.А.Копабаяеваны, Б.Б.Құрманғалиеваны, Т.Т.Ермаханованы, А.Ж.Үсенбаеваны, А.К.Махметованы, А.С.Жунусованы атап өтуге болады.

Білім алушыларға білім беру үдерісі бойынша жеке көмек және консультация беру жүйесі арқылы бойынша колледж тиімді қызмет жүргізеді.

Білім алушылар үшін оқу жоспарларының мазмұнына, оқу үдерісінің кестесіне және оқыту бағдарламаларына қол жетімділік қамтамасыз етілген. Ақпараттандыру сынып сағаттары, оқу топтарының жиналыстары, сұхбаттар, әлеуметтік желі түріндегі жеке консультациялар арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушыларға кеңестер беру оқытушылармен жеке және топтық сабақтарда жүргізіледі. Бұл сабақтардың журналдары оқытушылармен жүргізіледі.

Колледжде әлеуметтік қорғау мәселелеріне көңіл бөлінеді, көмек көрсетіледі.

Білім алушылардың жетістіктері мониторингі топ жетекшісімен білім алушылардың нәтижелерінің динамикасын және тұлға ретінде даму прогресін бақылау мақсатында ақпарат алу үшін жүргізіледі.

2015 жылдан бері халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференцияларға: Жакина К.А., Алшынбаева Г.Ж., Секерова Б.Д., Шайхина А.Б., сонымен қатар қалалық конференцияларға: Жанабаева А.Д., Ахметова М.К., Жумабаева С.Т және т.б. оқытушылар студенттерді дайындады.

Білім алушылардың жетістіктерін бағалау қызметіне педагогтар мен білім алушылар тартылған. Бағалау құралының бірі ретінде білім алушының жетістіктері туралы портфолио кіреді.

Білім алушылардың білім, дағды, икемділіктері деңгейін бағалау оқу жылы бойы ағымдық үлгерім, аралық және қорытынды аттестаттау бақылауы арқылы жүзеге асырылады.

Колледжде ай сайын білім алушылардың оқылатын пәндер бойынша ағымдағы айдың орташа бағасы болып саналатын аттестаттауы жүргізіледі.

АРТА ССК баруы барысында білім алушылармен жүргізілген сауалнама:

қолжетімділік деңгейі және отзвчивости басшылықтың қайырымдылығы жоғары бағаланды - 84%;

- үшін жеке мәселелер үшін кеңес беру қол жетімділігі -85,4%;

- колледждің оқу ресурстарына қанағаттану деңгейі – 85,43 пайызға бағаланды.

«Білім беру бағдарламаларының ерекшелігі» стандартын талдай отырып, білікті мамандардың кәсіптік дайындығы көбінде білім беру деңгейінің білікті шеңберіне және еңбек нарық қажеттіліктерінің талаптарына сәйкес келетін сапалы білім беру бағдарламаларына байланысты екенін атап өтуге болады.

Кәсіпорындардың, ұйымдардың, басқа құрылымдардың өкілдері, тәжірибелі мамандары, атап айтқанда элективті пәндер бойынша оқу жоспарларын сараптауға тартылады, оқу курстарын әзірлеу кезінде және пәндік құзіреттіліктерді қалыптастыру кезеңінде білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға қатысады, негізінен дәрістер оқиды, дөңгелек үстелдер, шеберлік үлгіс сағаттарын, семинарларды жүргізеді, басқаруды және дипломдық жұмыстарды рецензиялауды жүзеге асырады. Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру оқу сабақтарының әр түрлі формаларымен: теориялық, практикалық, семинарлық, факультативтік, кәсіптік тәжірибе, курстық жұмыстар және

жобалар жүргізілуімен қамтамасыз етіледі. Қызметтің әр түрлі түрлері білім алушылардың кәсіптік құзіреттіліктерін дамытуға бағытталған.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу үдерісінде колледж үздіксіз білім мазмұнын, пәндердің академиялық өзара байланысу логикасын, олардың тізбелілігін және сабақтастығын ескеруді қамтамасыз ету мақсатын ұстанады.

ССК оқу мекемесінде аталған стандарт бойынша келесі ұстанымдарға ерекше назар аударылатынын атап өтеді:

- ТЖКБ ұйымы педагогикалық ұжымның және жұмыс берушілердің ББ әзірлеуге қатысуын және олардың сапасын қамтамасыз етуді дәлелдейтін айғақтарды ұсынуға;

- ТЖКБ ұйымы оқу пәндерінің мазмұнын, көлемін және өзара логикасын, сонымен қатар пәндердің, өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибенің түлектердің базалық және кәсіптік құзіреттіліктерін қалыптастыруға әсер етуін анықтауда;

- ББ басшылығы кәсіптік контекстегі оқу пәндері мазмұнының болуын көрсетеді;

- ББ басшылығы теориялық және кәсіптік бағыттағы пәндер арасындағы тиімді тепе-теңдікті көрсетеді;

- Маңызды фактор болып білім беру бағдарламаларының жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып, жаңартылуы болып табылады;

- ББ басшылығы ББ-ны жүзеге асыру кезінде білім алушыларға жеке қолдау көрсететінін айқын дәлелдейді;

- ББ басшылығы білім алушылардың жетістігі бойынша мониторинг жүйесінің болуын дәлелдейді;

- ББ басшылығы білім алушылардың білім, дағдылар мен икемділіктерді деңгейін бағалау рәсімдерінің жобаланатын оқыту нәтижелеріне және бағдарлама мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді;

- ББ басшылығы оқытылатын пәндер курсы бойынша оқу жылы басында білім алушылардың білім, дағдылар мен икемділіктер диагностикасын жүргізеді;

- ББ басшылығы білім алушылардың бойындакелесі білім беру деңгейлерінде оқуды жалғастыру дағдысының қалыптасуын қамтамасыз етеді;

- ББ басшылығы мамандығы, біліктілігі бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік тәжірибеден өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді және білім алушылардың, тәжірибе орындары болып саналатын кәсіпорын жетекшілерінің, жұмыс берушілердің қанағаттану мониторингін жүргізеді.

- **Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын бұдан әрі дамыту және жетілдіру мақсатында АРТА ССК:**

- кітапхана қорын мемлекеттік тілдегі оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетпен толықтыруды;

- оқу үдерісінде қолданылатын заманауи бағдарламалық қамтамсыз етуді кеңейту бойынша жұмыстарды жалғастыруды;

- түлектерге болашақта өз мамандығы шеңберінде ағылшын тілінде қарым-қатынас жүргізуге мүмкіндік беретін лингвистикалық құзіреттіліктерді қалыптастыру үшін білім беру үдерісіне «CLIL (КЛИЛ) әдістемесі: жалпы білім беретін пәндерді ағылшын тілінде оқыту үдерісіндегі пән мен тілді кіріктіріп оқыту» тақырыбы бойынша біліктілік арттыру курсынан өткен ИПҚ тәжірибесін енгізуді ұсынады.

- **ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған бейінінің күшті жақтары-3, қанағаттанарлық -20, жақсартуға ұсынылғаны -1 екенін атап көрсетеді.**

6.3. Стандарт «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі»

Дәлелдемелер

Колледждің кадрлық саясаты колледждің даму стратегиясының негізгі басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылады. Ваkantтық бос орындардың бар болуы

жайындағы ақпараттар Астана қ. Білім басқармасына беріліп, колледж сайтында жарияланады.

Құрылымдық бөлімшелер және қызметкерлерге арналған нұсқаулықтар әзірленген және бекітілген.

Колледжде педагогикалық ұжым басшылыққа алатын педагогикалық этика және академиялық адалдық Ережелері бекітілген.

Қазіргі уақытта, яғни 2017-2018 оқу жылында 1218000 «Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтары», мамандығы бойынша оқу үдерісі барлығы штаттық болып саналатын, оқытылатын пән бейініне сәйкес базалық жоғары білімдері бар 40 оқытушымен, немесе 100% оның ішінде педагогикалық – 32 адам, 80%, технологиялық – 8 адам немесе 20%. жүргізіледі.

Жоғары және бірінші санаты бар штаттық оқытушылар саны 23/(жоғары 15/35,5%, бірінші 8/23%).

Мемлекеттік тілде сабақ жүргізетін оқытушылар саны -8 адам.

Оқытушылар құрамының бір немесе екі жоғары білімі бар.

Қазіргі уақытта, яғни 2017-2018 оқу жылында 1508000 «Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» (түрлері бойынша) мамандығы бойынша оқу үдерісі барлығы штаттық болып саналатын, оқытылатын пән бейініне сәйкес базалық жоғары білімдері бар 30 оқытушымен, немесе 100% оның ішінде педагогикалық – 25 адам, 83,3%, технологиялық – 5 адам немесе 16,7%. жүргізіледі.

Жоғары және бірінші санаты бар штаттық оқытушылар саны 20 (жоғары 13/37%, бірінші 7/20%)

Оқытушылар құрамының жалпы санынан 8 магистр, 1 PhD доктор бар.

Мемлекеттік тілде сабақ жүргізетін оқытушылар саны -8 адам.

Оқытушылар құрамының орташа жасы -33 жас.

Оқыту сапасын арттыру, оқу үдерісі мен өндірістің тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз ету үшін «Экономика, технология және тағам өндірісін стандарттау колледжі» МКҚК-де тиісті салаларда жұмыс тәжірибесі бар оқытушы практиктер шақырылады.

Олардың үлесі 15 оқытушы, 28 %.

Оқу мекемесі жас мамандарға кәсіптік және әлеуметтік бейімделуде тиімді көмек көрсетеді. Осы мақсатта «Жас маман мектебі» «жұмыс жасайды. ЖММ аясында тренингтер, байқаулар, шеберлік үлгісі сағаттары және рольдік ойындар жүргізіледі.

Жас мамандармен жұмысты ұйымдастыру және жүргізу кезінде әр түрлі жұмыс формалары: практикумдар, сұхбаттасулар, тренингтік сабақтар, ауалнамалар, мамандармен, психологпен кездесулер дөңгелек үстелдер, әдістемелік консультациялар, сабақтарға қатысу, кураторлық сағаттар, тәлімгерлермен жиналыстар қолданылады.

Бұдан басқа жас мамандар тәжірибелік сабақтарда әдістемелік көмек алады: «Құжаттармен жұмыс Ережелері», «Сабақтың дидактикалық мақсаттарын жоспарлау», «заманауи сабақ және оны талдау», «Кураторлық сағатты, сыныптан тыс сабақты жүргізу әдістемесі».

Психологиялық көмек ретінде: «Студенттерге психологиялық-педагогикалық тәсір арқылы колдау көрсету», «Студенттермен арадағы дау-жанжалдар, олардың себептері», «Даулы жағдаяттардан шығу жолдары мен тәсілдері»

Сонымен қатар жас мамандармен әр түрлі әдістемелік мәселелер бойынша сұхбаттасулар жүргізіледі, көмек көрсетіледі. Жас мамандардың сабақтары бойынша бақылау Қартасы бар. Кәсіби табыстылығы, студенттермен жұмысы бойынша мониторинг жүргізу арқылы рейтинг жүргізіледі.

Оқытушының жұмыс жүктемесі оқу, оқу-әдістемелік, тәрбиелік қызметі, өзіндік білім алу қызметі бойынша бағыттарды қамтиды және біліктілік арттыруға бағытталған.

Колледж оқытушылары Махметова А.К., Балтабай Д.К., Маумова А.Ж., Ахмедиева А.К. 1218000 «Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтары», мамандығы бойынша

республикалық «Оқулық» орталығымен цифрлық білімдік ресурстардың рецензенттері ретінде тартылды.

2015 жылы орман шаруашылығы арнайы пәндер оқытушысы Абишканова А. М. Астана қаласының Білім басқармасы ұйымдастырған қалалық – тәжірибелік конференциясында 3 орын алды.

1508000 « Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» (түрлері бойынша) мамандығы бойынша оқытушылар Абишканова А.М., Ермаханова Т.Т., Кобабаева А.А., (PhD) Досмайлова Э.Ж., Умирбекова А.Б., Өсерхан Б., Майсупова И.К., Жүнісова А.С. қалалық «Заманауи білім жүйесінің өзекті мәселелері» конференциясына қатысты.

2016 жылы орман шаруашылығы арнайы пәндер оқытушысы Абишканова А. М. Астана қаласының ТЖБ ұйымдары қатысқан ұйымдастырған «арнайы пәндердің үздік оқытушысы» конкурсында 3 орын алды.

2017 жылы оқытушы Кобабаева А.А. ҰБАО «Өрлеу» ұйымдастырған « Экспо-17» конкурсында 2 орын алды., .

2018 жылы оқытушы Жунусова А.С. халықаралық конференцияда арнайы пәндер оқытушылары арасында 1 орын алды.

1218000 « «Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтары», 1508000 « Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» (түрлері бойынша) мамандықтары бойынша «Экспертиза» бірлестігі жұмысы аясында колледждің сараптау комиссиясымен Астана қ. ББ В келесі оқытушылардың оқу-әдістемелік құралдары жіберілген: Абишканова А.М., Кобабаева А.А., Ермаханова Т.Т., Усенбаева А.Ж., Ахмедия А.К., Жунусова А.С., Махметова А.К.

Бекітілген жоспар бойынша өндірісте оқытушылардың іс-тәжірибеден өтуі, арнайы пәндерден ұйымдардың ұйымдастыруымен курстар жүргізіледі. Аталған ББ бойынша 1218000 « «Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтары», 1508000 « Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы» (түрлері бойынша) мамандықтары бойынша 2015-2018 жылдары 15 адам өтті, бұл ИПҚ 34% пайызын құрады.

Аталған ББ бойынша қызмет жасайтын штаттық оқытушылардың арасынан 18 адам санаттарын жоғарылатты, 41%.

Оқу үдерісіне белсенді түрде ақпараттық технологиялар енгізіледі, сабақтарда компьютерлік оқыту бағдарламалары, тестілеу, модельдеу, таныстырылымдар, интернет сайттар және MicrosoftOffice, ActivInspire, TestX, AdobePhotoShop, Prezi.com, CorelDrow, Youtube, Bilimland.kzi ресурстары және т.б. қолданылады.

ББ басшылығына педагогикалық ұжымды білім беру үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануға жұмылдыру қажет.

Сонымен қатар, **ССК мүшелері** ББ басшылығының педагогикалық ұжымды білім беру үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануға жұмылдыруы жағының жеткіліксіз екенін атап айтады.

АРТА ССК сапары барысында ПҰ –мен жүргізілген сауалнама:

- педагогикалық ұжымның толығымен білім беру бағдарламасымен, өз әдістерін қолданумен, кері байланыспен, басшылыққа қол жетімділіктің болуымен, колледждің қолдауымен, ғылыми-зерттеу бастамаларына деген басшылықпен және колледждегі жұмысымен қанағаттанатынын көрсетті.

- оқытушылардың 94,3% колледж басшылығы мен әкімшілік өз аттарына айтылған сынды толығымен қабылдайды;

- респонденттердің 86,5% шеберлік үлгісі сағаттарының өткізілуімен және маман-практиктердің тақырыптар бойынша оқулар жүргізуімен қанағаттанады;

- 1,9% басқа оқу мекемелерінен қосымша сабақ өткізуге оқытушылардың сирек шақырылатынын атап өтті;

- 75% семестрлер бойынша оқу жүктемесінің тепе-теңдігімен қанағаттанады;

- студенттердің нашар тәртібі анықталмады (0%);

- 17,3% кейде оқу топтарының асыра толықтырылуымен кездеседі;
- 8% кейде кітапханада қажет кітаптардың болмауымен кездеседі;
- 10% кейде аудиторияларда техникалық құралдардың болмауымен кездеседі.

АРТА ССК сапары барысында білім алушылармен жүргізілген сауалнама, студенттердің келесі жағдайлармен толығымен қанағаттанатынын көрсетті:

- студент пен оқытушы арасындағы қарым-қатынаспен – 91,7 %;
- оқытушылардың объективтілігіне және әділдігіне – 97,9%;
- оқытушының материалды қызықты түрде ұсынуына – 91,73%;
- оқытылатын материалдың өзектілігіне- 83,3%;
- оқытушылардың объективтілігіне және әділдігіне – 87,5%;
- оқытушының оқытылатын материалды білуімен – 75%.

Қанағаттанбайды:

- бөліммен арадағы қарым-қатынаспен – 0%;
- компьютерлік сыныптар мен интернет –ресурстардың қол жетімділігімен -0%;
- аз топтар үшін кабинеттер көлемімен-0%.

«Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі» стандартын талдай отырып, педагогикалық шеберлік ұдайы біліктілік арттырып отырумен және әр түрлі мектептер мен шығармашылық сабақтарға қатысумен анықталатынын айта кету керек. Оқытушылардың біліктілігінің жоғары көрсеткіштеріне қарамастан білім беру бағдарламаларының ерекшелігіне сәйкестікке келтіру үшін ағылшын тілін оқыту бойынша жұмыстарды жалғастыру өажет.

ББ басшылығына педагогикалық ұжымдыбілім беру үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануға жұмылдыру қажет.

Колледждің күшті көрсеткіші ретінде педагогикалық ұжымның жұмысы туралы жұртшылықтың ақпараттандырылуы және қол жетімділігі деп тануға болады. Оның үстіне колледж сайтындағы педагогтардың жетістіктері туралы ақпаратты толықтыру қажет.

Педагогикалық ұжыммен әңгімелесуді талдау барлық қызметкерлердің мейрамдарды, іс-шараларды өткізу, табиға аясына шығып демалу арқылы қоғам өміріне тартылғанын көрсетеді.

ССК оқу мекемесінде аталған стандарт бойынша келесі ұстанымдарға ерекше назар аударылатынын атап өтеді:

- ББ жүзеге асыру үшін ББ басшылығы практиктерді шақырады және олар оқитын пәндердіңүлесін анықтайды;
- ББ басшылығы педагогикалық ұжымды білім беру үдерісінде инновациялық технологияларды қолдануға жұмылдырады;
- педагогтардың оқу жүктемесіне әр түрлі қызмет түрлері кіреді. ББ басшылығы педагогтардың барлығының жоспарланған жүктемелерді орындауын дәлелдей алады.
- ББ басшылығыжас педагогтарды дамыту бойынша мақсатты іс-әрекеттерді қамтамасыз етеді;
- педагогикалық ұжым қоғам өміріне белсенді қатысады.

Аккредиттелетін білім беру бағдарламаларын бұдан әрі дамыту және жетілдіру мақсатында АРТА ССК:

- техникалық бөлім оқытушыларының әлемдік ғылыми әдебиет пен техникалық құжаттарға (ғылыми-техникалық құжаттардың көп бөлігі ағылшын тілінде басылады) қол жетімділік болуы үшін шет тілдерді оқу деңгейін арттыруды;
- кезең-кезеңмен үштұғырлы білім беруге көшуге байланысты арнайы пәндер оқытушыларының ағылшын тілін оқуы бойынша курстарды қарастыруды;
- оқытудың белсенді әдістері мен инновациялық әдістерді жүйелі түрде енгізуді және тиімді бағалауды қамтамасыз етуді ;
- еңбек нарқы талаптарына сәйкес түлектердің біліктілік сапасын арттыру мақсатында оқу үдерісіне өндірістен практиктерді тарту м.мкіндігін қарастыруды

ұсынады.

- ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған бейінінің күшті жақтары-5, қанағаттанарлық -4, жақсартуға ұсынылғаны -2 екенін атап көрсетеді.

6.4. Стандарт «Білім алушылар»

Дәлелдемелер

